

**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

II МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

PROCEEDINGS

OF THE II INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE

**«LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE »**



Астана / Astana

09 СӘУІР 2025
09 APRIL 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ В
ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

**“LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE”**

ӘОЖ / УДК 80\81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

ISBN 978-601-385-093-1

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Бейсенбай А.Б.	- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
Дүйсенғазы С.М.	- ф.ғ.к., филология факультетінің деканы
Сатенова С.К.	- ф.ғ.д., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының профессоры
Акижанова Д.М.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі
Ескиндиrowa М.Ж.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Кенжигожина К.С.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Жұмай Н.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Ақшулакова Б.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның серіктестері

- Нью-Хейвен университеті (Коннектикут қ., АҚШ)
- Острава университеті (Острава қ., Чехия)
- Любляна университеті (Любляна қ., Словения)
- Селчук университеті (Конья қ., Түркия)
- Манас атындағы Қырғыз-Түрік университеті (Бішкек, Қырғызстан Республикасы)
- Л.М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалы (Астана қ., Қазақстан)
- Кәсіби аудармашылар мен аударма компаниялар қауымдастығы (Астана қ., Қазақстан)

Партнёры международной научно – практической конференции

- Университет Нью-Хейвена (г. Коннектикут, США)
- Университет Острава (г.Острава, Чехия)
- Университет Любляна (г. Любляна, Словения)
- Университет Сельчук (г. Конья, Турция)
- Кыргызско-турецкий университет имени Манаса (г. Бишкек, Кыргызская Республика)
- Казахстанский филиал Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова (г. Астана, Казахстан)
- Ассоциация профессиональных переводчиков и переводческих компаний (г. Астана, Казахстан)

Partners of the International scientific and practical conference

- University of New Haven (Connecticut, USA)
- University of Ostrava (Ostrava, Czech Republic)
- University of Ljubljana (Ljubljana, Slovenia)
- Selçuk University (Konya, Turkey)
- Kyrgyz-Turkish Manas University (Bishkek, Kyrgyz Republic)
- Kazakhstan Branch of Lomonosov Moscow State University (Astana, Kazakhstan)
- Association of Professional Translators and Translation Companies (Astana, Kazakhstan)

ӘОЖ / УДК 80/81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» атты II халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = II Международная научно-практическая конференция «Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху» = II International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age» - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет редакциясы – бет саны 291 – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде

ISBN 978-601-385-093-1

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» II халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, аударма, тіл, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация салаларына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, оқытушыларға, аудармашы-практиктерге, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция цифрлық дәуір жағдайындағы аударма, тіл және мәдениет салаларындағы өзекті мәселелерді талқылауға арналды. Ерекше назар аударма оқытуындағы инновациялық технологияларды қолдануға, мультимедиялық аудармада жасанды интеллекттің рөліне және мәдениетаралық коммуникация мәселелеріне бөлінді. Іс-шара ғылыми тәжірибе алмасуға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және жас зерттеушілерді қолдауға маңызды алаңға айналды.

Сборник материалов II международной научно-практической конференции, на тему **«Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху»**, предназначен для исследователей, преподавателей, переводчиков-практиков, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области перевода, языка, культуры и межкультурной коммуникации. Конференция была посвящена обсуждению актуальных вопросов в области перевода, языка и культуры в условиях цифровой эпохи. Особое внимание уделялось использованию инновационных технологий в обучении переводу, роли искусственного интеллекта в мультимедийном переводе и проблемам межкультурной коммуникации. Мероприятие стало важной площадкой для научного обмена, налаживания международного сотрудничества и поддержки молодых исследователей.

Proceedings of the II international scientific and practical conference titled **«Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»** is intended for researchers, teachers, translators, students and young professionals interested in the field of translation, language, culture and intercultural communication. The conference was dedicated to discussing current issues in the fields of translation, language, and culture in the context of the digital age. Special attention was given to the use of innovative technologies in translation training, the role of artificial intelligence in multimedia translation, and challenges of intercultural communication. The event served as an important platform for academic exchange, fostering international collaboration, and supporting young researchers.

© Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2025

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, 2025

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС \ ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ \ PLENARY SESSION	
Влияние чешского языка на русский: интерференция в общении V. Vajdová	11
Bridging Bytes and Babel: AI, Transliteration, and the Future of Global Translation D. Popič, A. Zadorozhnaya	17
Intercultural communication: the Unavoidable Stereotypes P. Ianniello	21
«Методология обучения переводу»: актуальность и проблемы дисциплины Г.И. Кульдеева	25
Peculiarities of Translating Stylistic Devices in the Epics from Kyrgyz into English S.K. Mambaeva	31
A Literature Review on the Effectiveness of Remote Interpreting Platforms: a Comparison of Kudo, Interprefy, Voiceboxer, Interactio, Speakus, and Zoom O. Köksal, B.N. Zorlu	37
I СЕКЦИЯ \ I SECTION	
АУДАРМАТАНУ МЕН АУДАРМАНЫ ОҚЫТУДЫҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	
ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ПЕРЕВОДУ И ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЮ	
INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING TRANSLATION AND TRANSLATION STUDIES	
Глоссированный перевод и его реализация в документировании языков С.Ж. Тажимаева, Н. Жұмай	45
Переводческое мастерство Г. Бельгера М.Б. Аамалбекова, Ш.К. Смагулова	49
Виртуальные занятия в обучении последовательному переводу: тематическое исследование A. Szczesny	55
Болашақ аудармашыларды аударма сапасын бағалауға үйретудің тиімді стратегиялары А.М. Куркимбаева	60
Making Conversation with the Help of Intentional Tools А.Р. Нажмеддинов	64
Evaluating the Effectiveness of Computer-Assisted Translation (CAT) Tools in Translation А.Т. Байекеева	68
Формирование идиоматической компетенции у студентов-лингвистов Н.С. Логачева, Т.А. Трухина	74
Comparative Analysis of Literary Text Translation Using Grammar Transformations from English into Russian А.Т. Кондыбаева	78
Аударма сапасын сырттай бағалаудың тиімді тәсілдері Н.Р. Шенгельбаева, А.З. Мухитов	84
Аударма сапасын бағалаудың әдістері: теория мен практика арасындағы диалог А. Карелова, А.К. Жумабекова	90

Шет тілін оқытудағы аударматану элементтері: теория және тәжірибе <i>А.А. Алтынбаева</i>	94
Лингво-когнитивный аспект цветовой ассиметрии как переводческая проблема <i>Д.С. Кульмаганбетова, Г.И. Кульдеева</i>	98
От прямой к кругу: культурная адаптация через лингвистические трансформации <i>А. Иванов</i>	101
Переводческие трансформации в русско-казахскоязычных версиях романа Рэя Брэдбери «451 градус по фаренгейту» <i>М. Алибаева</i>	104
Quality Assessment of Machine Interpreting <i>К. Весельская</i>	108
Стратегии перевода англоязычных IT-неологизмов в переводе на русский и казахский языки <i>Ж. Абдуалиев</i>	112
II СЕКЦИЯ / II SECTION ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ АУДАРМА ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И МУЛЬТИМЕДИЙНЫЙ ПЕРЕВОД ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND MULTIMEDIA TRANSLATION	
From Text to Context: Chinese Culture Reflection in Chinese Internet Platforms <i>М. Уразбекова, Д. Кульмаганбетова</i>	116
Интеграция нейросетевых технологий в аудиовизуальный перевод: возможности и ограничения <i>К. Ережепова</i>	121
Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері атауларын аударуда жасанды интеллекттің ықпалы: ерекшеліктері мен қиындықтары <i>А. Кибасова</i>	127
Әртіпес фразеологизмдердің цифрлық платформасын құрудың ғылымдағы зерттелу тарихы мен тәжірибесі <i>А. Байқадам</i>	131
Трудности перевода лакун фольклорной прозе (на материале казахского, русского и английского языков) <i>А. Нурлан</i>	136
Технология аудиовизуального перевода полнометражных художественных фильмов <i>Б. Алибаева, Кульдеева Г.И.</i>	140
Машиналық аударма арқылы көркем әдебиетті аудару ерекшеліктері <i>А. Шмирова</i>	146
Cultural Translation of Kazakh Films into English: the Context of the Historical Film “The Crying Steppe” <i>А. Калышбек</i>	152
Стратегии перевода новостных блоков на казахский, русский и английский языки (на материале «Всемирных игр Кочевников в Казахстане») <i>И. Сүлейменова</i>	156
Мұнай және газ саласы терминдерін аударудағы тілдік-нормативтік аспект <i>А. Анатаева, С.К. Сатенова</i>	160
Компьютерлік ойындардағы терминологияны аударудағы қиындықтар <i>Т. Кольбаев, Б.Е. Боранкулова</i>	165
I	

II СЕКЦИЯ / III SECTION АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ PROBLEMS OF TRANSLATION AND INTERCULTURAL COMMUNICATION	
Роль социокультурного аспекта при переводе художественных текстов В.В. Фефелова	173
Переводческие трансформации в провокативном дискурсе Ю.Г. Федорова	177
Проблема лакуарности в переводческой деятельности С.Н. Абдуллаев, Ж.Б. Эгимбаева	182
Алаш аудармасы: Ахмет Мамытұлының аудармадағы ұстанымы Л.Н. Дәуренбекова	186
Comparative and Syntactic Analysis of Assertive Speech Acts in the Kazakh and English Translations G.A. Sarbassova	191
Проблемы развития системы высшего образования и ее интеграции в мировое образовательное пространство У.Т. Аттокуров, А.А. Сагымбаев, Н.Р. Суранова	196
Culture-Specific References and Linguistic Issues in the Factual Documentary Island Medics Г.Д. Ергазинова	204
Culture and Language A.S. Boranbayeva	210
Колоративті фразеологизмдердің бойындағы бинарлық оппозиция және оның тіларалық берілуі Ю. Михайленко, Ж.М. Қоңыратбаева	214
Pragmatic Barriers in Engineering Text Translation: A Grice Maxims Analysis А.А. Iskakbayeva	217
Medical Discourse in Literature: Translation Issues Б.Е. Боранкулова, Д. Окульская	221
Сниженная лексика: Н.В. Коляда в переводе на английский В. Остякова	225
Культурные и стилистические особенности перевода фразеологических единиц в мемуарной литературе А. Ахметбек	228
Вербальные средства выражения эмоций и их переводческая адаптация Ж. Алғалиева, Г.И. Кульдеева	232
The concept of “mankurtism” in literary translation (based on Chinghiz Aitmatov's work “The Day Lasts More than a Hundred Years”) А. Ерікқызы	238
Психология ғылымының терминін аударудағы ерекшеліктер (“Интернет психологиясы” кітабы бойынша) Д. Указбек	245
Formation of Professional Interpreter Skills: A Practitioner’s Perspective Р. Нүкежанова	247
Көркем аудармадағы тіркесті бірліктердің прагматикалық бейімделуі (Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» атты романы негізінде) К. Сейткенов, Ж.М.Қоңыратбаева	250
Сравнительный анализ перевода казахских народных сказок об Алдаре Косе на русский и английский языки А. Сапанова	258

Проблемы перевода эвфемизмов в выступлениях Дональда Трампа <i>А. Ермек</i>	264
Перевод имен собственных с немецкого языка на русский язык на основе романа К.Функе «Чернильное сердце» <i>А. Семеновых, А.Г. Барова</i>	270
Особенности перевода фрагментов разговорной речи (на материале романа Х.Фаллады «Jeder Stirbt Für Sich Allein» и его перевод на русский язык) <i>А. Такиуллина, А.Г. Барова</i>	274
Equivalence in Translating Kazakh Kinship Terms in Literary Translation (based on B. Nurzhekeev's novel "Oh, Life") <i>М. Темиржанова, С.Ж.Тажибаяева</i>	280
Bridging Words: Abai's «Word One» across Cultures and Languages <i>А. Кадирбекова</i>	288

Пайдаланылған әдебиет

1. Бенерджи, Р. Подход к созданию искусственного интеллекта; пер с англ. С. П. Чеботарев / Р. Бенерджи; под ред. Ю. В. Бурнина. – М.: Мир, 1972. – 431 с.
2. ИИ заменит всех нас, переводчиков.
<https://www.aftonbladet.se/kultur/a/JQkaMj/oversattare-ai-kommer-snart-att-ta-over-vart-yrke>
3. Oxford Qazaq Dictionary. Астана 2023
4. Есенберлин, І. «Көшпенділер. Алмас қылыш», 1 том, 8 б.

Esenberlin, I. «The Nomads. The Charmed Sword», part 1, page 20.

А.С. Кибасова

2-курс докторанты

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,

Казахстан

assiya.gc@mail.ru

Влияние искусственного интеллекта на перевод казахских национальных обычаев и традиций: особенности и трудности

Аннотация. В условиях цифровой глобализации и развития технологий машинного перевода актуализируется проблема передачи этнокультурных особенностей языка. В статье рассматриваются системы искусственного интеллекта (ИИ), в частности нейронные машинные переводчики (Google Translate, Yandex Translate, ChatGPT и др.), с точки зрения их способности интерпретировать и передавать казахские национальные традиции. Проводится сравнительный анализ языковых единиц, имеющих культурно-историческую значимость, и оценивается качество передачи лингвокультурных особенностей на другой язык с помощью ИИ. Также в статье рассматриваются основные трудности перевода, такие как многозначность, отсутствие эквивалентов в языке перевода и другие сопутствующие проблемы. На основе сопоставления машинного и человеческого перевода проводится оценка качества автоматизированного перевода в контексте сохранения этнокультурной идентичности казахского языка и предлагаются возможные стратегии по его совершенствованию.

Ключевые слова: искусственный интеллект (ИИ), национальный обычай, традиция, машинный перевод, стратегия.

A.S. Kibassova

2-year Doctorate Degree Candidate

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

assiya.gc@mail.ru

The Impact of Artificial Intelligence on Translating Kazakh National Customs and Traditions: Features and Challenges

Abstract. In the context of digital globalization and the development of machine translation technologies, the issue of conveying the ethnocultural characteristics of a language arises. This article examines artificial intelligence (AI) systems, particularly neural machine translation tools (Google Translate, Yandex Translate, ChatGPT, etc.), in terms of their ability to interpret and transmit Kazakh national traditions. Culturally and historically significant linguistic units are analyzed on a comparative basis, and the quality of AI tools in conveying linguistic and cultural features into another language is assessed. The article also explores key challenges in translation, including ambiguity, the absence of equivalents in the target language, and other related issues. Based on a comparative analysis of machine and human translations, the study evaluates the

quality of automated translation in preserving the ethnocultural identity of the Kazakh language and proposes potential strategies for its improvement.

Keywords: artificial intelligence (AI), national custom, tradition, machine translation, strategy.

FTAXP 16.21.49

А. Байқадам

2-курс докторанты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

ORCID: 0009-0001-1210-7820

asylzat_b@mail.ru

Әртіптес фразеологизмдердің цифрлық платформасын құрудың ғылымдағы зерттелу тарихы мен тәжірибесі

Аңдатпа. Мақала фразеография ғылым саласының теориясы мен практикасын, оның әлемдегі дамуын және Қазақстандағы жағдайын қарастыруға арналады. Фразеография ғылымының қалыптасып дамуындағы әртіптес тілдер, атап айтқанда, француз, қытай, орыс және ағылшын тіл ғылымдарының тарихы мен тәжірибесі талқыланады. Сонымен қатар отандық фразеографиялық зерттеулердің тәжірибесі мен қазіргі жағдайы да қарастырылады. Фразеографиялық өнімдердің заманауи ғылым кеңістігіндегі цифрландырылуы мәселесінің өзектілігіне шолу жасалады. Отандық лингвистика және аударматану ғылымдарының әдістемесі арқылы жүзеге асырылуы тиіс түйткілді мәселелер баяндалады. Цифрлық фразеографияны дамыту үрдісінің жаңа мүмкіндіктерге жол ашатыны сөз етіледі.

Түйін сөздер: фразеологизм, фразеография, сөздіктер, цифрлық платформа, әлемдік тәжірибе.

Кіріспе

Фразеография – тіл білімінің маңызды саласының бірі, оның басты мақсаты – тілдің фразеологиялық бірліктерін зерттеу және жүйелеу. Бұл сала тілдің байлығын, оның мәдениеті мен қоғамдағы рөлін көрсетуге мүмкіндік береді. Фразеологиялық бірліктер түрлі елдерде әртүрлі деңгейде зерттеліп, қазіргі уақытта бұл салада цифрлық технологиялар да кеңінен қолданыла бастады.

Өткен ғасырдың 50-60-жылдары фразеология ғылымының дамуы нәтижесінде фразеография теориясы қалыптаса бастады. “Дегенмен фразеография термині мен фразеологиялық бірліктерді сөздік түрінде сипаттау принциптері бірден әрі жүйелі жолға қойылмағанын да айта кету керек” (Исаева, 2012, 254 б.).

Фразеографияның теориялық негіздері ең алдымен фразеологиялық бірліктерді түсінуден басталады. Фразеология мен фразеографияның ара қатынасы негізінен фразеологиялық бірліктерді зерттеу мен олардың тілдік жүйеде қолданылу ерекшеліктерін анықтаумен байланысты. Фразеология — тұрақты сөз тіркестерін, метафоралар мен идиомаларды зерттейтін тіл білімінің саласы болса, фразеография осы зерттелген бірліктерді жинақтап, жүйелеп, сипаттайтын сала. Бұл жөнінде А.М. Черпасова “Фразеологизм как объект фразеографии – всегда синтаксическая конструкция. Следовательно, фразеография принципиально отличается от лексикографии качеством описываемых единиц, это отличие сохраняется постоянно» деген пікір білдіреді (Черпасова, 2009, 642 б.).

О.В. Гусельникованың пікірінше, “фразеология мәселелерімен айналысатын зерттеушілер фразеологиялық сөздіктердің жеткіліксіз деңгейде дамығанын атап өтті. Көптеген фразеологиялық сөздіктердің айқын артықшылықтарына қарамастан, олар қазіргі фразеология саласындағы жаңа жетістіктерге толықтай жауап бере алмайды. Жаңа уақыт,

тілді тереңірек түсінуге негізделген заманауи тәсілдер лексикографтардан фразеологиялық сөздіктің жаңа түрін әзірлеуді талап етеді” (Гусельникова, 2011, 298 б.).

Соңғы он-он бесжылдықта жарық көрген фразеологиялық сөздіктердің ауқымы өте кең және олар фразеология саласындағы елеулі жетістіктерді, сондай-ақ фразеологизмдердің әлемнің ұлттық бейнесіндегі ерекше рөлін көрсетеді.

Ізденіс жұмысымызда фразеографияның даму кезеңдері, әлем елдерінің тәжірибесі, отандық фразеографияның дамуы, сондай-ақ цифрлық фразеографияның жолға қойылу жайы мен зерттелуі қарастырылады.

Талқылау

Фразеографиялық зерттеулердің тарихы әріден басталады. Алғашқы фразеографиялық ізденістер француз тіл ғылымына тиесілі.

Франция фразеографиясының тарихы мен тәжірибесі

Француз фразеологиясының қалыптасуын оның мазмұны мен даму қарқынына сәйкес үш кезеңге бөлуге болады: 1) француз тілінің IX ғасырда пайда болуынан бастап XVI ғасырға дейінгі кезең; 2) XVI ғасырдан XIX ғасырдың соңына дейін кезең; 3) XX ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейінгі кезең, яғни бұл кезең қазіргі тілдің даму деңгейіне сәйкес келеді. XVII ғасырда тұрақты тіркестерді талдауға елеулі көңіл бөлінген бірқатар лексикографиялық жұмыстар пайда болды. Мысалы, кейін бірнеше рет қайта басылған 1694 жылғы *Француз Академиясының түсіндірме сөздігі* (Dictionnaire de l'Académie française) француз фразеологиялық қорының қалыптасуында елеулі орынға ие (Ананьина, 2018, 15-16 б.).

Францияда фразеологияның зерттелуі ертеден бастау алады. Алғашқы фразеологиялық сөздік *Француз мақал-мәтелдер кітабы, француз мақал-мәтелдері туралы тарихи зерттеулер* (Le livre des proverbes francais, recherches historiques sur les proverbes francais) (1859) еңбегінде көрініс тапты. Онда дене мүшелерімен және халық даналығымен байланысты идиомалар қамтылған.

Қытай фразеографиясының тарихы мен тәжірибесі

Фразеологизмдердің кодификациясына арналған алғашқы ресми лексикографиялық дереккөздерді «Алты ведомство фразеологизмдері» (六部成语, 1742) деп атауға да болады. Бұған зерттеуші Ли Пэннан өз еңбегінде былайша дәлел келтіреді: “Ұсынылған фразеологизмдер алты ведомствоға (Суй әулетінен бастап Цин әулетінің соңына дейінгі кезеңдегі орталық үкімет ведомстволары) бөлінген: шенеуніктер, үй шаруашылығы, ғұрыптар, әскерилер, жазалар және жұмыс” (Александрикова, 2025, 411 б.).

Цин әулеті заманында Қытайдың әртүрлі аймақтарының мақал-мәтелдер жинақтары жасалған. Атап айтқанда, *Юэ аймағының мақал-мәтелдер жинағы* (қазіргі Чжэцзян провинциясы) – солардың бірі. Алайда тек 1927 жылы ғана Ши Сян-цзай Қытайдың 12 мыңнан астам мақал-мәтелінен тұратын алғашқы үлкен жинақты құрастырып, *Қытай мақал-мәтелдерінің теңізі* деп атаған.

Жаңа Қытай құрылғаннан кейін қытай фразеографиясының дамуында жаңа серпін орын алды, нәтижесінде 14 фразеологиялық сөздік басылып шықты. Мысалы, *Қысқаша фразеологизмдер сөздігінде* (1952 жыл) әрбір фразеологизмнің түсіндірмесі қамтылған, оған қоса айтылуы мен қолданылуы мысалдарымен берілген, қажеттілік болған жағдайда фразеологизмнің пайда болуына қатысты дереккөздер де көрсетілген (Костева, Сыфань, 2022, 50 б.).

Ресей фразеографиясының тарихы мен тәжірибесі

Фразеологиялық сөздіктерді құру тарихы Ресейде де кемі 300 жылды қамтиды. Алғашында фразеологизмдерге қатысты түсінік қалыптасып, оларды жүйелі түрде жинақтап, анықтауға арналған сөздіктер мен басқа да лексикографиялық еңбектер жарық көрді. Оларда фразеологиялық бірліктердің мағынасы мен қолданылуы тереңірек зерттеліп, оларды сипаттау әдістері дамыды.

1773 жылы Мәскеуде П.А. Алексеева «Церковный словарь или истолкование речений

славенских древних, также иноязычных без перевода, положенных в священном писании и других церковных книгах» деген еңбегін жарыққа шығарды. Бұл сөздікте әрбір сөздің қай жерде кездескені және оның қолданысына байланысты мысалдар берілген. “Сөздік мақаласында автор қысқаша әңгімелер мен анекдоттар келтірген, кейбір сөздерге фразеологиялық тіркестер енгізген, сонымен қатар, кей жерлерінде тақырыптық сөздер фразеологиялық бірліктермен берілген, мысалы: “плоть и кровь”, “отрясти прахъ отъ ногъ”. Мұндай тіркестер сөздікте шамамен 700 рет келтірілген” (Александрикова, 2025, 407 б.).

1783-1794 жылдар аралығында Ресей Ғылым Академиясының сөздігін құрастыру жұмыстары жүргізілді, бұл еңбек орыс фразеографиясы дамуының маңызды кезеңдерінің бірі саналады, себебі сөздікте фразеологияға лексикографиялық зерттеу арналып, нәтижесінде екі мыңнан астам фразеологизм енгізілген (Биржакова, 1965, 260 б.).

Ағылшын фразеографиясының тарихы мен тәжірибесі

Ағылшын тіліндегі практикалық фразеографияның тарихы орыс тілінің фразеографиясынан бұрынырақ басталған. Фразеологизмдерді сипаттауға арналған алғашқы сөздіктер *фразеография* термині қалыптаспай тұрып пайда болған деуге болады. Бұл кезеңде фразеологизмдер мен тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіру, оларды жүйелі түрде жинақтау қажеттілігі айқындала бастады, ал арнайы терминология мен ғылыми тәсілдер кейінірек дамыды.

Брюэр сөздігі (Brewer’s Dictionary of Phrase and Fables) (1870) – ағылшын тілінің алғашқы фразеологиялық сөздіктерінің бірі. Бұл сөздікте сөз тіркестері ғана емес, сондай-ақ өзінің бастапқы мағынасынан басқа қосымша мағынаға ие сөздер де сипатталады. Сөздік әртүрлі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер мен олардың шығу тегі мен қолданылу жайын қамтиды. Бұл еңбек ағылшын фразеографиясының дамуына маңызды үлес қосып, халық арасында кең таралған, бірақ әрдайым анықтамасы бола бермейтін күрделі тіл бірліктерін жүйелеуге мүмкіндік берді.

“A Dictionary of English Idioms” фразеологиялық сөздігі (B.L.K. Henderson), екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлімі (P.I Verbal Idioms) 1954 жылы құрастырылған, 4200-ден астам етістікті идиома қамтылған. Сөздік ағылшын тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін, әсіресе етістіктермен байланысты идиомаларды жүйелі түрде жинақтаған маңызды лексикографиялық еңбек болып табылады. 1956 жылы құрастырылған екінші бөлімі (P.II Colloquial Phrases) шамамен 6500 сөз тіркесін қамтиды. Бұл бөлімде ағылшын тіліндегі күнделікті сөйлеуде жиі қолданылатын фразеологизмдер жүйелі түрде жинақталған.

“Cambridge Dictionary of Idioms” (*Кембридж идиомалар сөздігі*) 1972 жылы Элизабет Уолтердің (Elizabeth Walter) редакциялығымен шыққан, шамамен 7000 заманауи британдық, америкалық және австралиялық идиомалар мен клише тіркестерін қамтиды. Бұл сөздікті ағылшын тілінің әртүрлі нұсқаларындағы тұрақты сөз тіркестерін, олардың мағыналарын және қолданылу орнын түсінуге көмектесетін құнды ресурс деуге болады ~~болып табылады~~.

2008 жылы “Oxford Dictionary of Current Idiomatic English” (*Оксфорд қазіргі ағылшын идиомалар сөздігі*) екі томы жарық көрді (A.P. Cowie, R. Mackin, I.R. McCaig). Әр томда 6000-нан астам фразеологиялық бірлік (ФЕ) берілген, әріптік тәртіппен орналастырылған.

Қазақстан фразеографиясының тарихы мен тәжірибесі

Отандық тіл ғылымында фразеографияның тарихы академик І. Кеңесбаевтың есімімен байланысты. 1977 жылы ғалым қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің ауқымды қоры қамтылған (он мыңнан астам тұрақты тіркестен тұратын) «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деп аталатын энциклопедиялық еңбек ұсынды (Кеңесбаев, 1977).

Қазақстанда фразеографияның дамуы тәуелсіздік алғаннан кейін айтарлықтай белсенді жүре бастады. Мәселен, Ү.Кеңесбаеваның екітілді “Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік” (2010), С.Ахметованың үштілді “Қазақша-ағылшынша-орысша фразеологиялық сөздік” (2021), А.Боранбаева, Ғ.Жумадилова және Ғ.Қамбарбекованың жетекшілігімен “Парсыша-қазақша фразеологиялық сөздік” (2023), сондай-ақ, К. Әлпейісованың екі нұсқада “Қазақша-орысша-ағылшынша фразеологиялық сөздік” және

“Русско-казахско-английский фразеологический словарь” (2025), т.б. еңбектері жарық көрді. Әрбір еңбектен жылдар бойы қарқынды жүргізілген зерттеу жұмыстарының оң нәтижесін көруге болады.

Нәтижелер

Цифрлық технологиялардың фразеографияға ықпалы

XXI ғасырдың басында фразеография жаңа бағытқа бет бұрды, бұл өзгерістер негізінен цифрлық технологиялар мен онлайн платформалардың дамуына тікелей қатысты. Цифрлық фразеографияның негізі – фразеологиялық деректердің компьютерлік технологиялар арқылы сақталуы, өңделуі және таралуы. Цифрлық фразеографияның пайда болуы фразеологизмдер мен тұрақты тіркестердің іздеу, жинақтау, сараптау және тұтынушыларға ұсыну тәсілдерін түбегейлі өзгертті.

Цифрлық фразеография – фразеологиялық деректер базасының құрылуын және автоматтандырылған жинақтау әдістерін қамтиды. Бұл технологиялар фразеологияны жинақтаудың дәстүрлі әдістерінен үлкен айырмашылыққа ие.

Онлайн сөздіктер — бұл фразеологизмдерді тез әрі ыңғайлы іздеуге мүмкіндік беретін құралдар. Көптеген онлайн платформалар, сөздіктер мен фразеологиялық деректер базалары фразеология саласында үлкен қадам болып табылады, себебі олар тілдің заманауи қажеттіліктеріне сай бейімделген.

Цифрлық технологиялар фразеологиялық деректерді жинақтау мен талдауға жаңа әдістерді енгізді. Сонымен қатар, фразеологиялық зерттеулердің нәтижелерін жалпыға қолжетімді ету үшін түрлі онлайн ресурстар құрылды. Мысалы, ұлттық фразеологиялық сөздіктердің электронды нұсқалары мен онлайн дерекқорлар тіл білімінің дамуына зор ықпал етіп отыр.

Мәселен, АҚШ-та цифрлық фразеографияның дамуы айтарлықтай қарқын алып отыр. *Dictionary of American Regional English* (DARE) сияқты цифрлық сөздіктер маңызды фразеологиялық дереккөздерінің бірі болып табылады. Бұл сөздік ағылшын тіліндегі сленгтер мен тұрақты тіркестерді жинақтап, оларды оңай іздеуге мүмкіндік береді.

Digitales Wörterbuch der deutschen Sprache (DWDS) жобасы неміс тіліндегі фразеологизмдер мен тұрақты тіркестерді сандық түрде зерттеу мен көрсетуге бағытталған. Бұл деректер базасы арқылы пайдаланушылар фразеологиялық бірліктерді іздеп, олардың мағыналары мен қолданылу ауқымын зерттей алады.

Oxford Dictionary of Idioms онлайн сөздігі ағылшын тілінде күнделікті қолданылатын көптеген фразалар мен сөз тіркестерінің мағыналарын ашады, оның құрамында 10 000-нан астам метафоралық өрнектер, теңеулер, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері бар. Бұл сөздік ағылшын тілінің фразеологиясын зерттеушілер үшін өте маңызды ресурс болып табылады, себебі ол тілдегі бейнелі және идиоматикалық сөздер мен олардың контексттегі мағыналарын түсінуге көмектеседі.

Chinese idiom dictionary — ғылыми және практикалық электронды кітап, онда 30 000-нан астам идиома әртүрлі формада, соның ішінде жалпы идиомалар және ежелгі мен қазіргі қытай тілдеріндегі сөздіктер қамтылған.

Ресейдің *Фразеологический словарь русского литературного языка А.И. Фёдорова* сөздігі бүгінгі таңда орыс тіліндегі ең толық фразеологиялық сөздік болып саналады. Онда 13 000-нан астам фразеологиялық бірлік жинақталған. Бұл сөздік Ресейде қолданылатын фразеологиялық бірліктерді қамтиды, соның ішінде соматикалық фразеологизмдер мен түрлі тұрақты тіркестерді сипаттайды.

Қазақ фразеографиясында да цифрлық даму үрдісі жолға қойылып келеді. Мәселен, *Sozdikqor.kz* порталы - әртүрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, қазақ тіліндегі көне сөздерді, кірме сөздерді, аймақтық және ақпараттық технологиялардың даму кезеңіндегі жаңа технологиялық сөздердің мағынасын көруге мүмкіндік беретін платформа. Екітілді фразеологиялық сөздіктерден *Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік* сайты да жұмыс жасап тұр. Қазіргі таңда жасанды интеллектке негізделген *Қазақ тілінің ұлттық корпусы* құрылып жатыр.

Қорытынды

Фразеографияның болашағы зор, өйткені тіл біліміндегі аталмыш саласында ауқымды өзгерістер мен жаңалықтар жиі орын алып тұрады. Цифрлық фразеографияның және жасанды интеллектінің дамуымен фразеологиялық деректерді жинақтау мен өңдеу әлдеқайда тиімді бола бастады. Әлемдік тәжірибе мен Қазақстандағы алғашқы жетістіктер фразеографияны жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Фразеографияның болашағы тек қана ғылыми зерттеулермен шектелмей, күнделікті өмірде тіл байлығын көрсету, оны цифрлық платформаларда қолданудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктердің зерттелуі тілдің мәдениеті мен ұлттық ерекшелігін сақтауға ықпал ететін маңызды қадамның бірі әрі маңыздысы бола бермек. Сол себепті алдағы ізденістерімізде отандық фразеография саласын әлемдік ғылыми кеңістік тұрғысынан қарастырып, әртіптес фразеожүйені (қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ тілдері бойынша) цифрландырудың негізгі тетіктері мен әдіс-тәсілдерін айқындау, талдап-тану мақсат-міндеті діттелетін болады.

Пайдаланылған дебиеттер

1. Исаева, Н.Ш. (2012). Современная фразеография: проблемы и перспективы. *Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова No 1*, 254-256.
2. Чепасова, А.М. (2009). ^[1]Теоретические составляющие фразеографии, 640-644.
3. Гусельникова, О.В. (2011). Новые тенденции во фразеографии. *Мир науки, культуры, образования. No 5 (30)*, 297-299.
4. Ананьина, Т.С. (2018). Репрезентация примет и поверий во фразеологических единицах русского и французского языков (сопоставительный аспект). Диссер. на соис. уч. ст. канд. фил. наук. 15-16.
5. Александрикова, Л.Г. (2025). О словарном представлении фразеологизмов в русской и китайской лексикографии. *Litera. No 2*, 405-418. DOI: 10.25136/2409-8698.2025.2.73211 EDN: ehtakp URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=73211
6. Костева, В.М., Сыфань, Ч. (2022). Основные характеристики китайской и русской фразеографии. *Вестник Московского государственного лингвистического университета. Гуманитарные науки. Вып. 7 (862)*. 49–55. DOI 10.52070/2542-2197_2022_7_862_49
7. Биржакова, Е.Э. (1965). Описание фразеологического состава русского литературного языка XVIII века в «Словаре Академии Российской» 1789–1794 гг. *Материалы и исследования по лексике русского языка XVIII века*. 251-271.
8. Кеңесбаев, І. (1977). Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. 70

А. Байкадам

докторант 2 курса

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ORCID: 0009-0001-1210-7820

asylzat_b@mail.ru

История исследований и практический опыт создания цифровой платформы для межкузыковых фразеологизмов

Аннотация. Статья посвящена теоретическим и практическим аспектам фразеографии как научной дисциплины, анализу её развития в мировом контексте, а также текущему состоянию в Казахстане. Рассматривается история и опыт становления фразеографии в неродственных языках – в частности, во французском, китайском, русском и английском языкознании. Кроме того, анализируется отечественный опыт фразеографических исследований и современное положение дел в данной области. Особое внимание уделяется актуальности цифровизации фразеографической продукции в